

Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 13 маусымдағы № 212 "Индер ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 13 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 қаңтарда № 3452 болып тіркелді

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 25.04.2016 № 108 қаулысымен (алғаш жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі:

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21 бабын және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабын басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 13 маусымдағы № 212 "Индер ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысының (әрі қарай - Қаулы) 1 қосымшасына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2945 болып тіркелген, аудандық "Дендер" газетінің 2014 жылғы 3 шілдедегі жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1) Қаулының 1 қосымшасы "44,45,46,47" жолдарымен толықтырылсын;
- 2) 10-жолдағы "Индер аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі" деген сөздер "Индер аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 3) 16-жолдағы "Индер аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі" деген сөздер "Индер аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 4) 17-жолдағы "Индер аудандық ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі" деген сөздер "Индер аудандық ветеринария және ветеринариялық бақылау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 5) 38-жол алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Нұрлыбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Арыстан

"КЕЛІСІЛДІ"

Индер аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімінің "Индер Су" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының басшысы:

"11" қаңтар 2016 жыл

Е. Бисенғалиев

Аудан әкімдігінің 2016 жылғы "11" қаңтардағы № 13 қаулысына қосымша

Ұйымдардың тізбесі және қоғамдық жұмыстардың түрлері

№	Ұйымдардың тізбесі	Қоғамдық жұмыстардың түрлері
44	Индер аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімінің "Индер Су" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Құрылыс және жол, су құбыры, газ, кәріз коммуникацияларын жөндеуге қатысу
45	"Индер ауданының тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Шабарман, электронды есептегіш машинасының операторы
46	"Индер аудандық кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Шабарман, электронды есептегіш машинасының операторы
47	"Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының Индер балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шабарман, электронды есептегіш машинасының операторы